

«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
шешімімен бекітілген



**Государственная  
техническая служба**

**«МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН  
ЕСЕБІ**

## МАЗМҰНЫ

I.	«Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Төрағасының қаратпа сөзі	3
II.	«Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамы Басқарма мүшелерінің қаратпа сөзі	4
III.	«Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамы туралы	5
IV.	2022 жылдағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері	7
V.	Активтердің құрылымы	8
VI.	Болашақ кезеңдерге қойылған мақсаттар мен жоспарлар	9
VII.	Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі	10
VIII.	Корпоративтік басқару	12
IX.	Тұрақты даму	18
X.	2022 жылғы көрсеткіштер мен деректер	20

## **Құметті ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ Директорлар кеңесінің атынан қошеметтеймін!

Директорлар кеңесі Қоғамның 2022 жылғы қызметінің қорытындыларына оң баға беруде. 2022 жылдың басы күрделі болғанына қарамастан, Қоғам Даму тұжырымдамасында айқындалған барлық жоспарлы қаржылық және стратегиялық көрсеткіштерді орындады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені толық көлемде іске асырылды.

Халықаралық электр байланысы одағының Киберқауіпсіздіктің жаһандық индексі рейтингінде Қазақстан Республикасы 31-і орында – бұл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен ұйымдарының киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірлескен игілікті жұмысының нәтижесі және Қоғамның осы саланың дамуына қосқан үлесі болып табылады әрі осындай қол жеткізілген айтарлықтай нәтижелерді назардан тыс қалдыруға болмайды.

«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның басты құндылығы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы кез келген тапсырмаларды орындауға қабілетті және сын-қатерлерге төтеп бере алатын жоғары білікті мамандардан тұратын команда екені, сөзсіз. Компанияның қызметіне күн сайын қосқан үлесі үшін Қоғамның барлық жұмыскерлеріне алғыс білдіремін және «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның қолда бар құндылықтарды сақтап әрі дамытып, белгілі даму бағдарларын ұстануына ниеттеспін!

**Құрметпен,  
«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ  
Директорлар кеңесінің Төрағасы**

## **Құрметті әріптестер және «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ көрсететін қызметтерді пайдаланушылар!**

Сіздердің назарыңызға «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның 2022 жылға арналған жылдық есебін ұсынамыз!

«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ Басқарма мүшелері 2022 жылы Қоғамның дамуы және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуі мақсатында бар күш-жігерін жұмсады. «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ командасының үйлесімді және анық жұмысы нәтижесінде барлық іс-шаралар мен Жалғыз акционер қойған міндеттер толық көлемде және мерзімінде орындалды.

Astana IT University-мен бірлесіп, «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ базасында бірегей дуальды оқыту жобасы іске асырылды.

Қарым-қатынастарды дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту шеңберінде Қоғамның жұмыскерлері халықаралық альянстар өткізетін бірнеше ірі халықаралық кездесулер мен конференцияларға қатысып, оларда спикерлер ретінде сөз сөйледі және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы практикалық білімдерін және жұмыс дағдыларын көрсетті. Киберқауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы үш жаңа халықаралық меморандум жасалды.

2023 жылы Қоғамның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ақпараттандыру салаларындағы жұмысы жалғастырылады. Басқарма қызметінің басымдықты міндеттері ретінде – Даму жоспарының стратегиялық мақсаттарын және міндеттерін 100% орындау, Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қоғамның жұмыскерлері үшін еңбек жағдайларын жоғарылату жөніндегі жұмыс белгіленді.

**Құрметпен,  
«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ  
Басқарма мүшелері**

### **III. «МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ**

Мемлекеттік техникалық қызмет 2008 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Телекоммуникация саласындағы техникалық сүйемделдеу және талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-«ТТСТО» РМК) ретінде құрылды. Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында телекоммуникациялар саласындағы қызмет кәсіпорынның негізгі міндеттері болып айқындалды.

Кейінгі уақытта «ТТСТО» РМК алдына жаңа – ақпараттандыру саласындағы міндеттер қойылып, қызмет түрлерінің тізбесі кеңейтілді:

- телекоммуникация желілерінде АҚ жоғары деңгейін қолдап отыруға мүмкіндік беретін Телекоммуникация желілерін басқару қызметі құрылды;

- Қазақстанда алғашқы рет Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметі (KZ-CERT) құрылды.

2013 жылы ҚР Үкіметі «ТТСТО» РМК-ні «Мемлекеттік техникалық қызмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі- «МТҚ» РМК) етіп қайта құру туралы шешім қабылдады. «МТҚ» РМК-ге ақпараттандыру, байланыс, телерадио хабарларын тарату салаларындағы мемлекеттік монополия субъектісі мәртебесі берілді.

2017 жылы «МТҚ» РМК базасында KZ\_CERT, «электрондық үкімет» қауіпсіздігі мониторингі және телекоммуникация желілерін басқару қызметтерін біріктірген АҚҰҰО құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 630 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «МТҚ» РМК жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамы (бұдан әрі- Қоғам) етіп қайта құрылды.

Ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы қызмет Қоғам қызметінің негізгі нысанасы болып белгіленді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 15 қазандағы № 641 бұйрығымен Қоғамның Жарғысы бекітілді.

Қоғам ақпараттандыру саласында мемлекеттік монополияға жатқызылған келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін және «электрондық үкіметтің» электрондық поштасының бірыңғай шлюзін қолдап отыруды жүзеге асырады;
- «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріне ақпараттық қауіпсіздік (бұдан әрі-АҚ) талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізеді;
- «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға немесе дамытуға арналған инвестициялық ұсыныстың және бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің және техникалық тапсырманың АҚ талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізеді;

- жоғарғы деңгейдегі қазақстандық домендік аттарға қызмет көрсететін домендік аттар серверлерінің істен шығу төзімділігінің мониторингін жүзеге асыру;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелерінде ақпараттандыру объектілерінің меншік иелеріне, иеленушілеріне және пайдаланушыларына жәрдемдеседі;
- ақпараттық қауіпсіздіктің салалық орталықтары мен ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарының «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріндегі және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның басқа да аса маңызды объектілеріндегі (бұдан әрі-АКИАМО) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратын жинауды, талдауды және қорытуды жүзеге асыру;
- Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен АҚ қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-шараларды жүргізе отырып, «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің, Интернеттің қазақстандық сегментінің, сондай-ақ АКИАМО ақпараттық қауіпсіздігін, қорғалуы мен қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздіктің инциденттеріне әрекет ету мониторингі мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингі жүйесі арқылы «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырады;
- мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады;
- «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріндегі ақпараттық қауіпсіздіктің қатерлері мен инциденттерін анықтау, олардың жолын кесу және зерттеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру және оларды жою немесе болғызбау жөніндегі ұсынымдарды қалыптастыру;
- «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне әрекет ету;
- электрондық ақпараттық ресурстарда қамтылған қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді сақтау, өңдеу және тарату процестерінің қорғалуын қамтамасыз етуді зерттеп-қарауды жүзеге асыру;

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттандыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысу.

2022 жылғы 28 наурызда Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның 2022-2024 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы бекітілді.

Айқын тұжырымдалған пайымы мен миссиясы Қоғамның даму тұжырымдамасының негізіне алынған:

**Пайымы:** Қазақстан Республикасының қауіпсіз және қорғалған ақпараттық кеңістігі.





**Миссиясы:** Қоғам – Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің технологиялық өзегі.

#### IV. 2022 ЖЫЛДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


2022 жылдың қорытындылары бойынша Қоғам қызметінің негізгі бағытының мақсаттары, міндеттері мен басты көрсеткіштері толық көлемде орындалды.

*№1 кесте. Қоғамның 2022 жылдағы қаржылық көрсеткіштері*

Көрсеткіштер	2022 жыл		Ауытқу	
	Жоспар (мың теңге)	Нақты (мың теңге)	Сома (мың теңге)	%
Барлық кірістер, соның ішінде:	3 874 845	3 904 171	29 326	100,8%
- қызметтерді көрсету мен жұмыстарды орындаудан түскен кіріс	3 849 357	3 861 262	11 905	100,3%
-өзге кірістер	25 488	42 909	17421	168,3%
Барлық шығыстар, соның ішінде:	(3 719 501)	(3 647 231)	-72 270	98,1%
- өзіндік күн бойынша шығыстар	2 930 086	2 862 424	-67 662	97,7%
- әкімшілік шығыстар	789 415	783 504	-5 911	99,3%
- өзге шығыстар	0	1 303	1303	
Салық салуға дейінгі табыс	155 344	256 940	101 596	165,4%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	46 000	52 461	6 461	114,0%
Таза табыс	109 344	204 479	95 135	187,0%
Кірістердің тиімділігі	3%	5%	2%	185,6%



## Тарифтер бөлінісіндегі кірістер



Мемлекеттен алынатын кепілдіктерді қоса алғанда, есепті жылы Қоғамға қандай да бір қаржылық қолдау көрсетілген жоқ, сондай-ақ Қоғам мемлекет алдында өзіне басқа міндеттемелер алған жоқ.



### III. АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қоғамның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдары жоқ.

*№2 кесте. Қоғам активтерінің 31.12.2022 ж. құрылымы*

р/с №	Көрсеткіштер	Мың теңге
1	Банктегі есеп шотындағы ақша қаражаты	1 113 522,00
2	Ағымдағы табыс салығы	122 283,00
3	Қорлар	45 989,00
4	Қысқа мерзімді дебиторлық қарыз	4 324,00
5	Өзге қысқа мерзімді активтер, с.і.:	9 181,00
	Ағымдағы салық активтері	2 794,00
	Болашақ кезеңдердің қысқа мерзімді шығыстары	6 387,00
6	Ұзақ мерзімді сауда және өзге дебиторлық қарыз	360 789,00
7	Негізгі құралдар	338 379,00
8	Материалдық емес активтер	56 787,00
	<b>Активтердің жиынтығы:</b>	<b>2 051 254,00</b>

## Қоғам активтерінің 31.12.2022 ж. құрылымы



### IV. БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

Даму тұжырымдамасына сәйкес Пайымын іске асыру мақсатында Қоғам дамудың келесі стратегиялық бағыттарын айқындады:

- 1) жұмыскерлердің кәсіпқойлығын, Қоғам қызметінің тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 2) Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін техникалық қорғау;
- 3) Қазақстан Республикасы ақпараттандыру объектілерінің АҚ сыртқы және ішкі қатерлерге барабар қорғалу деңгейін қолдап отыру;
- 4) Қазақстан Республикасы ақпараттандыру объектілерінің АҚ қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру.

Дамудың стратегиялық бағыттары бойынша мақсаттар мен міндеттерді қалыптастыру кезінде «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасының, сондай-ақ «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасының ережелері ескерілді.

#### Келесі кезеңдерге арналған жоспарлар

Ағымдағы жылы уәкілетті орган – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп орталық мемлекеттік органдардың біреуінің инфрақұрылымындағы зиянды

бағдарламалық қамтылымды бейтараптау жөніндегі іс-шаралар іске асырылып, осы тәжірибенің негізінде басты мемлекеттік органдардың инфрақұрылымдарында ұқсас іс-шараларды іске асыру жоспарлануда.

Бұдан басқа, Қоғамның қызмет түрлерін кеңейту – коммерциялық қызметтер мәселелері пысықталуда. ҚР ақпараттық-коммуникациялық технологиялар нарығының ағымдағы ахуалы ақпараттық технологиялар саласының өзгеріссіз құрамдас бөлігі ретінде ақпараттық қауіпсіздік саласы мамандарының құзыреттерін шұғыл және сапалы дамыту қажеттілігіне мәжбүрлеп отырғандықтан, Қоғам «Практикалық даярлау және құзыреттерді дамыту орталығын» іске асыру мәселесін пысықтауда.

Заманауи мақсатты шабуылдарға және зиянды бағдарламалық қамтылымға қарсы іс-қимыл жасау жүйесін дамыту шеңберінде Қоғамның құрылымында «Зиянды кодты зерттеу орталығы» іске асырылып, оның жұмыс істеуі:

- мақсатты шабуылдарды айқындау мен зерттеу процестеріне кешенді тәсілді енгізуге;

- АҚ саласындағы қызметтің сараптама жүргізу бағыттарында қызметкерлердің мамандану деңгейін жоғарылатуға;

- ҚР ҰҚК мемлекеттік органдарға орталықтандырып жеткізетін ілгерінді ақпаратты қорғау құралдарының әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді.

«Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің бастапқы кодтары мен бірегей бейнелерінің қорғалуын қамтамасыз етуге арналған «Бірыңғай репозиторий» жобасын іске асыру жоспарланып отыр.

Бірыңғай репозиторий бастапқы кодты қауіпсіздігі тұрғысынан тестілеу (кодтың статикалық талдауы) мен тексеріп (динамикалық талдау) және сертификаттап, кейінгі уақытта тестілеу жүргізілген қосымшаны МО-ға бере отырып, жинақтауға жіберу көзі болуы мүмкін.

Қолданыстағы ақпараттық жүйелерге нұқсан келтіру қаупін төндірмей, нақты жағдайларға барынша ұқсастырылған жағдайларда ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне әрекет етудің тәжірибелік дағдыларына машықтануға мүмкіндік беретін киберполигон құру пысықталуда.

## **V. ТӘУЕКЕЛДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі Қоғамдағы істердің ағымдағы жай-күйі, оның перспективалары туралы әділ және нақты көріністі, есептіліктің тұтастығы мен ашықтығын, қабылданатын тәуекелдердің қисындылығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады. Ол ішкі және сыртқы ортаның стандартты емес жағдайларына батыл және шұғыл әрекет етуге мүмкіндік береді.

Бұл процесс басшылық ету процесінің маңызды құраушысы және дамыған Қоғамды корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы себепті тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру және енгізу жоспарлануда, оның мақсаттары мен міндеттері:

- тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдерінің бірыңғай стандартталған тәсілі негізінде тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін құру және интеграцияланған процесін жасау;

- Қоғамның олардың қызметінің ауқымына барабар, қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;

- тәуекелдерді басқарудың қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін заманауи сәйкестендіруге, бағалауға, талдауға, мониторингтеуге, бақылауға негізделген үздіксіз, келісілген процесін қамтамасыз ету;

- ықтимал жағымсыз оқиғаларды болдырмау мен барынша азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесін үнемі жетілдіру;

- ресурстарды пайдалану мен бөлу тиімділігін арттыру;

- Қоғам қызметінің активтер мен меншікті капиталдың қорғалуын қамтамасыз ететін тиімділігін арттыру арқылы жоғалтуларға және шығыстарға жол бермеу;

- бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңнаманың ықтимал жағымсыз оқиғаларды болдырмау мен барынша азайтуға мүмкіндік беретін талаптарын сақтауға жәрдемдесу болып табылады.

Есепті кезеңде Қоғамның штаттық кестесінде тәуекел - менеджер лауазымына әлеуетті кандидаттардың 20 астам түйіндемесі қаралды, қазіргі сәтте лауазым – бос.

### **Кадр саясаты.**

Қоғамның кадр саясаты жоғары нәтижелерге қол жеткізу мен меритократияға бағдарланған тиімді кадр мәдениеті арқылы Қоғамның даму тұжырымдамасын іске асыруды қамтамасыз ететін маңызды зияткерлік және кәсіби ресурс ретінде кадр әлеуетін қалыптастыруға бағытталған.

Қоғамның даму тұжырымдамасын іске асыру үшін Кадр саясаты алдына мынадай мақсаттар қойылған:

- іздестіру мен іріктеуді қоса алғанда, меритократия қағидаттарына бейілділікті қамтамасыз ету;

- жұмыскерлерді оқыту мен дамыту, қызметін бағалау және сыйлықақы беруді басқару;

- мақсатты корпоративтік мәдениетті дамыту;


- дарындарды басқару және мансаптық жоспарлау жүйесін жетілдіру;

- Компанияның сәтті қызмет етуіне мүмкіндік туғызатын әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу;

- сабақтастық және білім трансфері саясатын сақтау;

- мамандарды оқыту мен біліктілігін арттыру.

Статистика соңғы екі жылда жұмыскерлердің жас градациясының жалпы сақталып отырған деңгейін көрсетуде. Бұл ретте, негізгі үлесті 30-ға дейінгі жас және 40-қа дейінгі орта жастағы жұмыскерлер құрайды.



Персоналдың білімдік құрылымын негізінен ақпараттық технологиялар саласында жоғары кәсіптік білім бар және басқа да талап етілетін мамандықтардың жұмыскерлері құрайды.

Жұмыскерлердің 93 % бейінді жоғары білімі бар, оның ішінде 20 % (66) магистр, 3% - арнайы-орта, 3% - бейінді емес, 5 – ЖОО студенттері. Бұдан басқа, 5 жұмыскер докторантурада және 19 – магистратурада білім алуда.

Жасақтау жұмысқа кандидаттарды біліктілік іріктеу, ротациялау, IT-ЖОО студенттерін, «Болашақ» стипендиясының түлектерін тарту арқылы жүзеге асырылады. Есепті кезеңде жұмысқа - 68 жұмыскер (2021ж. - 89) қабылданды.

Астана IT-университетімен жасалған ынтымақтастық туралы меморандумның шеңберінде 119 студенттер қатарынан 20 студент іріктеліп, Қоғаммен бірлескен жоба - «Дуальды оқыту» командасына енгізілді, іске асыру кезеңі – 2022 жылғы қыркүйектен бастап 2023 жылғы маусымға дейін. Жоба ЖОО-да тәжірибеші-мамандардың оқытуын және кейінгі уақытта Қоғамның нағыз жұмыскері ретінде ақылы практикадан өтуді көздейді. Жобаны іске асыру нәтижелері бойынша және диплом алғаннан кейін біліктілік іріктеуден өткен түлектер Қоғамға жұмысқа қабылданатын болады.

Кадрларды неғұрлым тиімді орналастыру мақсатында 112 жұмыскерді ротациялау мен жоғары тұрған және қалаулы лауазымдарға ауыстыру жүзеге асырылды.

### **Кадрларды дамыту және уәждеу**

Адам ресурстарын сақтау мен ұстап қалу, Қоғамға ең жақсы мамандарды тарту және кадрлардың сәйкесінше тұрақсыздығын төмендету мақсатында есепті кезеңде мынадай жұмыс жүргізілді:

- барлық жұмыскерлердің жалақысы көбейтілді (ең азы 20%);
- 130 жұмыскерді 72 бейінді курста оқыту жүргізілді;
- 10-нан астам команда құру іс-шаралары мен жұмыскерлердің кездесуі өткізілді;
- жұмыскерлерді кәсіптік дамыту мақсатында «Қоғамның ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық технологиялар саласындағы келешекті жобаларының зертханасы» жұмысын бастады;

-«Tech Orda» мембағдарламасын (ҚР-да IT-мамандарын даярлау бағдарламасы) іске асыру шеңберінде 20 жұмыскерді оқытуға толық грант берілді.

Бүгінгі күні Қоғамның жұмыскерлері «Реверс-инжиниринг және зиянды бағдарламаларды талдау», «Әдепті хакинг және енуге тестілеу», «ISO 27001 қауіпсіздік стандарттары», «Компьютерлік криминалистика», Certified Security Analyst, Digital Forensics, Advanced Digital Forensics, Computer Hacking Forensic Investigator, Advanced Reverse Engineering, Offensive Security Certified Professional, Red Hat Certified System Administrator, Microsoft Certified: Azure Data Fundamentals сияқты салаларда сертификатталған.

## **VI. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Қоғамның Басқармасы;
- 4) бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

### **1. Жалғыз акционер**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындайтын, оның мүшелерін сайлайтын және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтататын, Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілейтін, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген құзыреті шеңберінде Қоғамның ішкі құжаттарын бекітетін Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.

#### **Жалғыз акционердің 2022 жылдағы басты шешімдері:**

- Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатату;
- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

### **2. Қоғамның Директорлар кеңесі**

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционер мен Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асыратын оны басқарудың алқалы органы болып табылады.

Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болып табылады.

Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауаптылық, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің басты функциялары:

- Қоғам қызметінің басымды бағыттарын айқындау;
- Қоғамның даму тұжырымдамасын, Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- Қоғамның қойылған міндеттерді тиімді орындауын қамтамасыз ету;
- Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру және т.б. болып табылады.

Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады - Директорлар кеңесінің Төрағасы, Басқарма Төрағасы, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің өкілі мен екі тәуелсіз директор.


Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес 31 мәселені қарау жоспарланған. Директорлар кеңесінің 12 отырысы, оның 8-і бетпе-бет және 4-і сырттай нысанда өткізіліп, 55 мәселе қаралды.

Қаралған мәселелердің құрылымы мынадай көрініс табады:

4-кесте ДК 2022 жылы қараған мәселелердің құрылымы

Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды бекіту	9
Даму жоспарына және қаржылық есептілікке байланысты мәселелер	7
Есептер беруге байланысты мәселелер	17
Жобаларға/ мәмілелерге байланысты мәселелер	1
Кадр мәселелері	10
Директорлар кеңесінің өзге қызметінің мәселелері	11

### Директорлар кеңесі 2022 жылы қараған мәселелердің құрылымы



#### 2.1. Директорлар кеңесінің Комитеттері

Директорлар кеңесі жанында екі Комитет – Ішкі аудит комитеті мен Стратегиялық жоспарлау, әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы комитеті жұмыс істейді.

##### Ішкі аудит комитеті

Ішкі аудит комитеті Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 2 шешімімен құрылды және Директорлар кеңесінің өз қызметін Ішкі аудит комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

Ішкі аудит комитетінің функцияларына алдын ала қарау және қаржылық есептілік, сыртқы және ішкі аудит, заңнаманы сақтау және т.б. мәселелері бойынша ұсынымдар беру кіреді.

2022 жылы Ішкі аудит комитеті құзыреті шеңберінде 7 отырыс өткізді, 17 мәселені қарады.

### **Стратегиялық жоспарлау, әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы комитеті**

Стратегиялық жоспарлау, әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 2 шешімімен құрылды және Директорлар кеңесінің өз қызметін Ережеге сәйкес жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

Комитеттің функцияларына алдын ала қарау және стратегиялық жоспарлау, қызметті бағалау, сыйлықақы жүйесі және т.б. мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру кіреді.

2022 жылы Стратегиялық жоспарлау, әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы комитеті құзыреті шеңберінде бетпе-бет нысанда 10 отырыс өткізіп, 28 мәселені қарады.

### **Ішкі аудит қызметі**

Ішкі аудит қызметі – Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне ағымдағы бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның бақылаушы органы болып табылады.

Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Ішкі аудит қызметі:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы тәуелсіз әділ ақпарат береді;

2) жүйеленген және дәйекті әдісті пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік басқару процестерін бағалауды жүргізеді, кеңес береді және жетілдіруге жәрдемдеседі;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2022 жылы ІАҚ аудиторының қызметі Директорлар кеңесі бекіткен Жылдық аудиторлық жоспар мен КРІ картасының негізінде жүзеге асырылды.

Директорлар кеңесі бекіткен 2022 жылғы 23 мамырдағы № 5 Жылдық аудиторлық жоспарда аудиторлық іс-шараларды жүргізу айқындалды:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің процестерін, олардың ішкі нормативтік құжаттамаға сәйкестігін мониторингтеу;

2) 2021 және 2022 жылдардағы әкімшілік-шаруашылық, с.і. еңбекақы төлеу шығыстарының аудиті;

3) уақытылығы мен кірістерді алу толықтығы тұрғысынан 2021 және 2022 жылдардағы кіріс операцияларының аудиті;

4) 2021 және 2022 жылдардағы негізгі қызмет бойынша шығыс операцияларының аудиті;

5) 2021 және 2022 жылдары Қоғамның жеке және заңды тұлғалардан тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру аудиті.

Сонымен қатар, қызметтің қорытындылары бойынша есептерді қалыптастыру, ІАҚ-ның 2022 және 2023 жылдарға арналған жылдық аудиторлық жоспарын



қалыптастыру, Қоғамға ауызша және жазбаша консультациялар жүргізу, Директорлар кеңесінің, Аудит комитетінің тапсырмаларын орындау көзделген.

Барлық аудиторлық іс-шаралар, сондай-ақ Ішкі аудит комитетінің тапсырмалары толық көлемде орындалды, есептер Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесіне ұсынылды.

ІАҚ ұсынымдарын орындау мақсатында:

- Қоғамның құрылымында функциялары тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің нарығын талдау болып табылатын жаңа бөлімше – Нарықты талдамалық сүйемелдеу секторы құрылды;

- «Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бағаларын маркетингтік зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу бизнес-процесінің регламенті» бекітілді;

- жұмыскерлердің іссапар міндеттері мен мақсаттарын орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдерін регламенттеу бөлігінде «Жұмыскерлерді іссапарға жіберу қағидалары» пысықталды.

### **Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі-Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес Қоғамның ұйымдық штаттық құрылымында комплаенс-офицердің штаттық бірлігі көзделген.

Комплаенс-офицер негізгі міндеті Қоғам мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын атқарады, Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

Комплаенс-офицердің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығында айқындалған.

2022 жылы комплаенс-офицердің қызметі Директорлар кеңесі бекіткен 2022 жылға арналған жұмыс жоспары мен КРІ картасының негізінде жүзеге асырылды.

Комплаенс-офицердің жұмыс жоспары 2022 жылы толық көлемде орындалып, Қоғам жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру жөніндегі іс-шаралар, тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы жүргізілді, контрагенттердің еншілестігі мен сенімділігін тексеру құралы енгізілді, жедел желі қалыптастырылды.

Қоғамда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітіліп, ол Қоғам жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің міндеттерін, қағидастарын және бағыттарын айқындайтын ішкі құжат болып табылады. Саясат Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, айқындауға, болдырмау мен салдарын барынша азайтуға бағытталған.

## **Корпоративтік хатшы**

Корпоративтік хатшы – қоғамның директорлар кеңесі тағайындаған және қоғамның директорлар кеңесіне есеп беретін, сондай-ақ өзінің қызметі шеңберінде акционерлер мен қоғамның директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайтын, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды және қоғамның директорлар кеңесінің отырысына материалдар қалыптастыруды қамтамасыз ететін, оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуін бақылауды жүргізетін, қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын акционерлік қоғамның жұмыскері. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.

Корпоративтік хатшының міндеттері, құзыреті мен қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген оның ережесінде айқындалған.

2022 жылы Корпоративтік хатшының қызметі Директорлар кеңесі бекіткен 2022 жылға арналған жұмыс жоспары мен КРІ картасының негізінде жүзеге асырылды. Барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды.

## **VII. ТҰРАҚТЫ ДАМУ**

Қоғам теңгерімді тұрақты даму мен ұзақ мерзімді перспективада мүдделі тараптардың ауқымды шеңбері үшін құндылықтар жасауға бағытталған. Қоғам өз қызметінің экологияға, экономикаға және қоғамға ықпалын тиімді басқаруға ұмтылады.

Тұрақты даму саласындағы міндеттерді атқара отырып, Қоғам өзінің миссиясына, Қоғамның пайымына сүйенеді, сондай-ақ іс-әрекет жасаудың халықаралық нормаларын және тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген қағидаттарды қолданады.

Қоғам тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды қолдануды өз қызметінің озық шетелдік тәжірибеге сәйкес келуін және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз етудің қажет шарты ретінде қарастырады.

Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және оңтайлы өзара іс-қимыл жасау әдісі Қоғамның тұрақты дамуына мүмкіндік туғызады.

Қоғам сыртқы ортаның факторлары мен олардың өзгерістеріне әрекет етеді. Жалғыз акционердің мүдделерін, процестердің тиімділігін арттыруды, барынша жетілдірілген технологияларды жасау мен дамытудағы, еңбек өнімділігін жоғарылатудағы инвестициялардың ұлғаюын қамтамасыз ету үшін кешенді және жүйелі әдіс жауаптылықпен басқару тәжірибесін дамытуға мүмкіндік береді.

Қоғамның тұрақты даму саласындағы іргелі мақсаты ұзақ мерзімді перспективада барлық мүдделі тараптардың игілігіне экономикалық, әлеуметтік және экологиялық ықпалды белсенді түрде басқару есебінен жақсаруды қамтамасыз ету үшін Қоғамның даму тұжырымдамасын іске асыру болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Қоғам 2023 жылы қызметтің басты бағыттары мен бизнес-процестер бойынша тұрақты дамуды басқару тәжірибесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

## VIII. АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР БЕРІЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

### 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңге)

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>		
Ақша қаражаты және оның баламалары	1 113 522	2 156 989
Қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	4 324	
Ағымдағы табыс салығы	122 283	13 369
Қорлар	45 989	47 866
Өзге қысқа мерзімді активтер	9 181	17 561
<b>Қысқа мерзімді активтердің жиынтығы</b>	<b>1 295 299</b>	<b>2 235 785</b>
<b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>		
Ұзақ мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	360 789	360 789
Негізгі құралдар	338 379	299 019
Материалдық емес активтер	56 787	36 409
Өзге ұзақ мерзімді активтер		326
<b>Ұзақ мерзімді активтердің жиынтығы</b>	<b>755 955</b>	<b>696 543</b>
<b>АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ</b>	<b>2 051 254</b>	<b>3 932 328</b>
<b>ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Қысқа мерзімді сауда және өзге кредиторлық берешек	8 011	16 327
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	58 105	-
Жұмыскерлердің сыйлықақылары	-	38 302
Сатып алушылармен шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	9 496	10 721
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	859	2 152
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиынтығы</b>	<b>76 471</b>	<b>67 502</b>
<b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	50 530	46 155
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер		-
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиынтығы</b>	<b>50 530</b>	<b>46 155</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғылық (акционерлік) капитал	2 288 637	2 288 637
Бөлінбеген табыс	-364 384	530 034
<b>Капитал жиынтығы</b>	<b>1 924 253</b>	<b>2 818 671</b>
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ</b>	<b>2 051 254</b>	<b>2 932 328</b>

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық табыс пен шығыстар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп**

(мың теңге)

	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Түсім		3 861 262	4 025 309
Өткізілген тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны		(2 862 424)	(2 543 054)
<b>Жалпы табыс</b>		<b>998 838</b>	<b>1 482 255</b>
Әкімшілік шығыстар		(783 503)	(653 407)
<b>Операциялық табыс</b>		<b>215 335</b>	<b>828 848</b>
Қаржылық кіріс			
Өзге кірістер		42 909	6 887
Өзге шығыстар		1 303	(149)
<b>Салық салуға дейінгі табыс</b>		<b>256 941</b>	<b>835 586</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар		(52 462)	(182 664)
<b>Салық салудан кейінгі жалғастырылған қызметтен табыс</b>		<b>204 479</b>	<b>652 922</b>
Тоқтатылған қызметтен табыс (шығыс)			-
<b>Жылдағы табыс</b>		<b>204 479</b>	<b>652 922</b>
Өзге жалпы кіріс			-
<b>Жалпы жиынтық табыс</b>		<b>204 479</b>	<b>652 922</b>
Акциядан базалық табыс		0,08934	0,28529

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған ақша қаражатының жылдағы қозғалысы туралы есеп (тік әдіс)**

(мың теңге)

	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>(472 859)</b>	<b>709 329</b>
<b>Ақша қаражатының түсімі, жиыны</b>		<b>4 332 962</b>	<b>4 489 845</b>
Тауарлар мен қызметтерді өткізу		4 093 220	4 272 078
Сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар		230 169	213 964
Өзге түсімдер		9 573	3 803
<b>Ақша қаражатының шығуы, жиыны</b>		<b>(4 805 821)</b>	<b>(3 780 516)</b>
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(401 055)	(516 910)
Тауарлар мен қызмет берушілерге берілген аванстар		(228 332)	(115 567)
Еңбекақы төлемдері		(2 141 066)	(1 858 228)
Сақтандыру шарттары бойынша төлемдер		(843)	(513)
Табыс салығы мен бюджетке басқа да төлемдер		(1 308 830)	(1 236 943)
Өзге төлемдер		(725 695)	(52 355)
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>(113 567)</b>	<b>(26 405)</b>
<b>Ақша қаражатының түсімі, жиыны</b>		<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Ақша қаражатының шығуы, жиыны</b>		<b>(113 567)</b>	<b>(26 405)</b>
Негізгі құралдарды сатып алу		(107 437)	(14 098)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(6 130)	(12 307)
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
<b>Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>(457 045)</b>	<b>(327 669)</b>
<b>Ақша қаражатының түсімі, жиыны</b>		<b>36 845</b>	<b>36 845</b>
Өзге түсімдер		36 845	36 845
<b>Ақша қаражатының шығуы, жиыны</b>		<b>(457 045)</b>	<b>(364 534)</b>
Дивидендтер төлеу		(457 045)	(364 534)
<b>Валюталарды айырбастау бағамдарының теңгеге әсері</b>		<b>4</b>	<b>115</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының теңгерімдік құнының өзгеруінің әсері</b>		<b>(1 043 467)</b>	<b>355 140</b>
<b>Ақша қаражатының көбеюі +/- азаюы</b>		<b>2 156 989</b>	<b>1 801 849</b>
<b>Есепті кезеңнің басында ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		<b>2 156 989</b>	<b>1 801 849</b>
<b>Есепті кезеңнің аяғында ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		<b>1 113 522</b>	<b>2 156 989</b>

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған  
КАПИТАЛДЫҢ ЖЫЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

(мың теңге)

	Жарғылық капитал	Резервтік капитал	Бөлінбеген табыс	Капитал жиынтығы
<b>2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>2 288 637</b>	-	<b>240 161</b>	<b>2 528 798</b>
Жыл ішіндегі табыс	-	-	652 922	652 922
Дивидендтер төлеу		-	(364 534)	(364 534)
Өзге операциялар			1 485	1 485
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>2 288 637</b>	-	<b>530 034</b>	<b>2 818 671</b>
<b>2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>2 288 637</b>	-	<b>530 034</b>	<b>2 818 671</b>
Дивидендтер төлеу	-	-	(457 045)	(457 045)
Жыл ішіндегі табыс			204 479	204 479
Өзге операциялар			(641 852)	(641 852)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо</b>	<b>2 288 637</b>	-	<b>(364 384)</b>	<b>1 924 253</b>

Жүргізілген аудиттің нәтижелерінде «МТҚ» АҚ-ның 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы барлық маңызды аспектілерде, сондай-ақ 2022 жылғы қызметтің қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының көзғалысы шынайы көрсетілген 2023 жылғы 25 сәуірдегі аудиторлық қорытынды алынды.

## IX. 2022 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР


Қоғам консультативтік қолдау көрсете отырып және жою жөнінде ұсынымдар беріп, мемлекеттік органдармен анықталған ақпараттық қауіпсіздік қатерлері мен инциденттері туралы деректермен алмасуды тәуліктік режимде жүзеге асырады.

Аталған жұмыстарды жедел іске асыру үшін Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының (бұдан әрі-АҚҰҰО) веб-платформасы пайдаланылады. АҚҰҰО Компьютерлік инциденттерге ұлттық әрекет ету қызметі 2022 жылы **16 654 кейсті** (ақпараттық қауіпсіздіктің (бұдан әрі – АҚ) инциденттері және расталмаған АҚ инциденттері) тіркеді, оның:


5-кесте. АҚ инциденттерінің түрлері

АҚ инцидентінің түрі	2021	2022
Ботнеттер	4304	2194
IP-ға қолжетімділіктің жоқ болуы	1959	1258
Компьютерлік вирустар, желілік құрттар, трояндар	11923	10869
Қызмет көрсетуден бас тарту (DoS, DDoS)	264	218
Рұқсатсыз қол жеткізу және мазмұнын түрлендіру	272	407
Интернет желісіндегі фишинг	658	1242
Басқа инциденттер	0	466


2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы зиянкестер тарапынан Интернет желісіндегі фишингтің артқаны тіркелді. Диаграмма 2021-2022 жылдары тікелген АҚ инциденттері мен оқиғаларының негізгі түрлері бойынша өзгерістердің динамикасын көрсетеді.




## Ботнеттер



## ИР-ға қолжетімділіктің жоқ болуы




## Компьютерлік вирустар, желілік құрттар, трояндар







### Қызмет көрсетуден бас тарту (DoS, DDoS)



### Рұқсатсыз қол жеткізу және мазмұнын түрлендіру



### Интернет желісіндегі фишинг



## Халықаралық ынтымақтастық

Қоғам 2022 жылы 3 халықаралық Киберқауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды:



**STOP.THINK.CONNECT Messaging Convention, Inc., АҚШ**



**ICTA (TR-CERT) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар басқармасы, Түркия**



**APCERT азия-тұнық мұхит өңірі елдерінің CERT-қызметтері ұйымы**

Қол қойылған меморандумдардың шеңберінде CNCERT/CC (Қытай), Kaspersky Lab (Ресей), aeCERT (БАӘ), OIC-CERT, APCERT хабарламалар, білім және тәжірибе алмасу белсенді жүргізілуде.

2022 жылы Қоғамның жұмыскерлері ақпараттық қауіпсіздіктің өзекті мәселелеріне арналған 10 халықаралық іс-шараға, форумдарға және АҚ саласында маманданған шетелдік ұйымдар және компаниялармен 1 жұмыс кездесуге қатысты.

*6-кесте. АҚ саласындағы шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл*

№	Хабарламалардың /мемлекеттердің саны	2021 жыл	2022 жыл
1.	Шетелдік ұйымдарға жіберілген хабарламалар	2 503	1061
2.	Хабарламалар жіберілген мемлекеттер	80	48
3.	Шетелдік ұйымдардан келіп түскен хабарламалар	2 278	666
4.	Хабарламалар келіп түскен мемлекеттер	75	33


### Компьютерлік инциденттерге әрекет ету бөлігінде халықты АҚ қатерлері туралы ақпараттандыру

Қоғам есепті кезеңде компьютерлік инциденттерге әрекет ету бөлігінде халықты АҚ қатерлері туралы: электрондық БАҚ, ақпаратты «cert.gov.kz» және «sts.kz» интернет-ресурстарында орналастыру, Қоғамның әлеуметтік желілердегі аккаунттары арқылы ақпараттандыру жөніндегі іс-шараларды іске асырды.

Ақпараттық қолдап отыру жөніндегі жұмыстардың шеңберінде пайдаланушыларды анықталған АҚ инциденттері, компьютерлік қауіпсіздіктің ықтимал және болжамды қатерлері, сондай-ақ АҚ қатерлерін жою, төмендету мен

болдырмау бойынша шаралар қолдану қажеттілігі туралы ақпараттандыру тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2022 жылы әлеуметтік желілерде және ақпараттық агенттіктердің жетекші ИР-да - **1 506** жарияланым (*2021 жылы – 1 886 жарияланым*) орналастырылды.



Қоғам 2022 жылы мемлекеттік органдардың баспасөз хатшыларына киберқауіпсіздік бойынша дәріс ұйымдастырды, жедел ақпарат алмасу үшін Telegram-да мемлекеттік органдардың баспасөз хатшыларының чаты құрылды.

Қоғамның ресми YouTube арнасында **32** бейнематериал жарияланды, сондай-ақ «АҚ туралы сөйлесейік» авторлық жобасы бастау алды.